

Гаунар Абдрасилова

ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ЖӘНЕ БҮГІНГІ АДАМ МӘСЕЛЕСІ

Бүгінгі өмірдің түрлі салаларындағы дағдарыстар алдыңғы орынға өзіндік барабарлық (самоидентификация) мәселесін шығарып отыр. Ал ол мәселелер түптеп келгенде индивидуалдылықтың дағдарысына тіреледі. Экономикалық тұрғыдан нашар дамыған елдер талданғанда да көбіне әлеуметтік немесе экономикалық даму, кедейшілік мәселесі емес - тұрғындардың түрлі топтарындағы ұлттық-мәдени, діни барабарлық мәселесі көзге тұседі. Бұл мәселенің маңыздылығы соншалықты, ондай елге көмек беру бағдарламасы белгілі бір барабарлықты қорғау мүмкіндігімен тікелей байланысты болып шығады. Яғни ескіден келе жатқан мәселелер де барабарлық мәселесімен байланысты қарастырғанда жана сипатқа ие болады. Барабарлықты талдау дәстүрлі тақырыптарды (әлеуметтік және экономикалық теңсіздік, діни және ұлттық төзімсіздік,) қарастыру тәсілі болып шығады. Және (жас бойынша барабарлық, сексуалдық барабарлық,) жана тақырыптарды ендіру тәсіліне әкеліп тірейді.

Барабарлық мәселесі рөлінің өсуінің себептерін анықтау үшін оның қайнарларын анықтау қажет. Методологиялық тұрғыдан бұл бастапқыдан берілген деп емес, қалыптасу үстіндегі құбылыс ретінде қарастыруды білдіреді. Барабарлық мәселесі ен алдымен мәдениет саласында бірінші болып қойылып, мәдениет - аса үлкен назарды талап ететін пәнге айналды.

Өзін-өзі идентификациялаудың шарты - қалыптасу барысындағы барабарлықты ішкі, іштегі «өзгемен» ажырату, яғни барабарлықтың қалыптасуының шарты - қалыптасушының ішкі ажыратылуы дегенді білдіреді. Онсыз өзгеге, сыртқы дүниеге ашылу іске аспайды. Қазіргі Заманғы адамның өз-өзіне барабарлығының дағдарысы – осы құбылыстың алғышарттарын ұғынудан басталуға тиіс.

«Барабарлық» (идентификация) - адамның өзіне өзінің тере-тенділігіне қатысты қосмәнді сипатқа ие ұғым. Біріншіден, (“*idem*” – лат. «то же самое») өз-өзіне немесе өзгеге ұқсастық дегенді білдіреді. Бұл мағынада «иденттілік» - «өзгермейтін», сондықтан «өз-өзіне ұқсас» дегенді білдіреді, ал бұл «өзгергіш», «ұқсас емес» ұғымына кері мағынада. Екіншіден, « тот же » - «басқа емес, дәл соның өзі» (“*ipse*” – лат. «сам»), сондықтан бұл «дәл өзі». Рикер пікірінше, бұл - «өзгерместік» мағынасындағы барабарлықты емес, «үздіксіздікті» - яғни өзгерістер барысындағы өз-өзіне тере-тендікті, «өздікті» сактап қалу дегенді білдіреді. «Үздіксіздік» ұғымы бұл жерде «сабактастық», яғни өз өмірін өз-өзіне мұралау деген мағынада қолданылуда.

Барабарлық дағдарысын сөз ету адамның өз-өзінің кім екенін түсінбейтін-дігі дегенді білдірмейді. Басқаны идентификациялау және өзін басқаларға пре-



зентациялау – кез-келген адамаралық катынастардың бастауы. Идентификациялық дағдарыс туралы айтқанда адамның өз образына («Мен қандай болуға тиіспін?») өзінің сәйкес келмеуі, өз өмірінде өзінің жоқтығы, немесе дүниедегі өз орнының белгісіздігі, түсініксіздігінен туатын уайым-сезімдерін айтады. Хесле «барабарлық дағдарысын» адам өміріндегі реалдылық пен адамның өз-өзімен түсіністігі арасындағы келісімнің жоқтығынан деп түсіндіреді /1/.

Европалық философияда тепе-тендік және айырмашылық категориялары Антика дәүірінен бастап XX ғасырға дейін талданды. Бірақ XX ғасырға де-йінгі талдау барысында адамның өз-өзіне немесе адамдар тобына (халықтар, конфессиялар) тепе-тендігі туралы сұрақ қарастырылмақ түгілі, туған емес. XX ғасырдың 60-жылдарында Э. Эрикссонның тұлға бағдарының бұзылуы туралы шыққан «Идентичность: юность и кризис» кітабы медициналық құбылыс ретінде қарастырылды. Ал оның 1960 жылғы әлеуметтік ғылымдар энциклопедиясында жарық көрген «Идентичность» мақаласы «барабарлық» («тепетендік») терминінің медициналық ұғым шенберінен асып, әлеуметтік ғылымдар категориясына айналғанын көрсетті.

Ең алғаш рет, жазба деректер бойынша, Ежелгі Дүние өркениеттеріндегі дәстүрлі қоғам дағдарысы б.д.д. VIII-II ғасырларда іске асты. К. Ясперс «осытік уақыт» деп атаған бұл уақыт ішінде әлеуметтік тәртіптің сакралдылығы туралы түсінік жойылды. Нәтижесінде оны қайта негіздеу қажеттілігі туды. Адам алдында қоғам және ондағы адам орны туралы ескі түсініктің ыдырауынан кейін жеке мұдделерді (ен алдымен индивидтердің емес, өзара байланыстағы коллективтердің-туысқандық, көршілестік, қауымдастық,), коллективтерді үйлестіру міндеті туды. Біртіндеп адам индивидуалдылығы туралы рефлексиялар дамыды. Әлеуметтік тәртіптің негіздері сакралды емес, табиғи екендігі туралы түсініктер кең тарады. Индивидуализацияланған ой өзіне тіректі табиғи дүниетәртіп туралы түсініктен іздеді. Қошпендей казақ та өз орнын сакралдан емес, табиғи жаратылыстық болмыс иерархиясынан тапты. Бұл жағдайда қоғам туралы діни түсініктің өзі табиғи жаратылыс идеясына сүйенди.

Бірақ қазіргі мәдениет көріністері бұған дейінгі кезеңдерден өзгеше сипатта. Қазіргі адамда табиғи және айқын, бірмәнді өзіндік образ жоқ. Накты топтағы адам үшін иденттілік табиғи сияқты көрінгенмен, бүгінгі өмір оны мұндаған сенімнен оп-онай айырып, іс жүзіндегі сәйкесіздікті оңай көрсетіп береді. Сондықтан қазіргі заманғы адам өзін дүние мен қоғамның бірде-бір жерінде бастапқы табиғи үйлесімде қабылдай алмайды.

XX ғасыр адам жағдайы мен орнының, образының тұрақсыздығын, орнық-сыздығын қатардағы қалыпты құбылысқа айналдырды. Әңгіме өмірдің әлеуметтік және мәдени динамизмінің құрылымындағы адам орнына немесе адамның өз-өзі туралы тұрақты түсінігіне кепілдік бермейтіндігінде емес. Тарихта апаттылық сезімінің күшнейетін кезеңдері көптеп кездеседі. Бірақ онда адамзат ойына барабарлық кризисі туралы ұғым келген емес. Қазіргі заманғы барабарлық дағдарысына - өмір

